Ахмет Баржақсыұлының мың бір мақалынан

І Тәңірі турасында

1. Қатты жерге қақ тұрар,
   Ынсапты елде Хақ тұрар.

2. Кірсіз – ай,
   Мінсіз – Құдай.

3. Аллаға жағайын десең, азаның болсын.
   Халыққа жағайын десең, қазаның болсын.

4. Момынның есебін қу табады,
   Құдың есебін Құдай табады.

5. Тоны жаманды ит қабады,
   Көңлі жаманды Құдай табады.

6. Сом темірге балға бар,
   Сомсынғанға Алла бар.

7. Зорлық көргенді Құдай көреді.

8. Жалғыздың жары – Құдай.

9. Сақтансаң, Құдай сақтар.

10. Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемейді.

11. Құдайға сенген құстай ұшады,
    Адамға сенген мұрттай ұшады.

12. Құдайдан сұрағанның қос бүйірі шығады,
    Адамнан сұрағанның екі көзі шығады.

13. Кім бай боламын демейді,
    Құдайы қаламайды.
    Кім би боламын демейді,
    Халқы қаламайды.

14. Емшекті ана береді,
    Несіпті тәңірі береді.

15. Құдай қарғайын десе, ақылыңды алады.

16. Құдай малыңды алса да, бейіліңді алмасын.

17. Уағда – Құдай аты.

18. Адамның басы – Алланың добы.

Дерек көзі:

Баржақсыұлы А. Мың бір мақал. – М.: Ұлттар комиссариаты жанындағы Күн шығыс баспасы, 1923. https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1171240&simple=true#